

Екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, олардың басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қосылма тұлғаларына қатысты ықпал ету шараларын қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 279 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1623

Ескерту: Қаулы күшін жойды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 42 қаулысымен .

Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N268 қаулысымен .

Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, олардың басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қосылма тұлғаларына қатысты ықпал ету шараларын қолдану ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 268 қаулысымен .

2. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 119 қаулысының ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк қызметіне байланысты заң бұзушылықтарға айыппұл салу және өндіріп алу ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 18

желтоқсандағы N 285 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде осы қаулыны және Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р ғ а ж і б е р с і н .

4. Екінші деңгейдегі банктер осы қаулыны және Ережені алған күннен бастап бес күн ішінде оларды өздерінің қосылма тұлғаларына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

1 3

ш і л д е д е г і

N

2 7 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, олардың басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қосылма тұлғаларына қатысты ықпал ету ш а р а л а р ы н қ о л д а н у ережесі

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді, Ереженің мәтіні бойынша " Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген сөздер тиісінше " уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 268 қаулысымен .

Осы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер), олардың қосылма тұлғаларына, банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі - ұйымдар), сондай-ақ банктер мен ұйымдардың басшы қызметкерлеріне қатысты банк заңдарын бұзғаны үшін ықпал ету шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 268 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ банктер депозиторларының мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган шоғырландырылған негізде, оның ішінде банктерге, олардың қосылма тұлғаларына, ұйымдарына, сондай-ақ банктер мен ұйымдардың басшы қызметкерлеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану арқылы банктердің қызметіне бақылау жасайды.

2. Осы Ереже мақсатында заңнамалық кесімдерде көзделген қаржылық жағдайды сауықтыру жөніндегі ұсынымдар, шектеулі ықпал ету шаралары, санкциялар және мәжбүр ету шаралары ықпал ету шаралары болып түсіндіріледі.

3. Заңнамада көзделген жағдайларда бір ықпал ету шарасын қолдану басқаларын қолдануды жоққа шығармайды, бұрын қабылданған шаралардың қолданылуын тоқтатпайды және күшін жоймайды.

4. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауына сотқа шағым беру оның орындалуын тоқтатпайды.

5. Уәкілетті орган қолданылған ықпал ету шараларының есебін жүргізеді.

2-тарау. Қаржылық жағдайды сауықтыру жөніндегі ұсынымдар

6. Банктің қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайларда уәкілетті орган " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 45-бабына сәйкес оның акционерлері алдында банкке ұсынымдар беруді қоса алғанда қаржылық сауықтырудың қажеттілігі, банктің басшылығын ауыстыру немесе оны қайта құру туралы мәселені қоюға құқылы.

7. Уәкілетті органның банктің қаржылық жағдайын сауықтыру жөніндегі ұсынымды беру туралы хаты оның бірінші басшысына (немесе оның орнындағы адамға) жіберіледі, ол бес күн ішінде міндетті түрде атқару органының барлық мүшелеріне, банктің директорлар кеңесіне, банктің ірі қатысушыларына банктік холдингтерге хабар беруі тиіс.

8. 30 күнтізбелік күннен кейін банк өзінің қаржылық жағдайын сауықтыру жөніндегі ұсынымды орындау туралы бірінші басшы (немесе оның орнындағы адам) қол қойған дәлелді шешімді ұсынуы тиіс.

3-тарау. Шектеулі ықпал ету шаралары

М і н д е т т е м е х а т

9. Уәкілетті орган Заңның 46-бабында көзделген негіздемелер бойынша банкпен, банктің қосылма тұлғасынан немесе ұйымнан міндеттеме хатты талап етуге құқылы, онда бар кемшіліктерді тану фактісі және банк басшылығының, банк қосылма тұлғасының немесе ұйымның оларды жоспарланған іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып қатаң белгіленген мерзімде жою жөніндегі кепілі болуы тиіс.

Ж а з б а ш а к е л і с і м

10. Уәкілетті орган Заңның 46-бабында көзделген негіздемелер бойынша банкпен банктің қосылма тұлғасымен немесе ұйыммен екі жақты немесе банкпен және банктің қосылма тұлғасымен анықталған кемшіліктерді тез арада жою қажеттілігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту туралы үш жақты жазбаша келісім жасауға құқылы.

11. Уәкілетті орган банкпен банктің қосылма тұлғасымен немесе ұйыммен бар заң бұзушылықтарды және кемшіліктерді жоюға екі айдан асатын мерзім талап етілетіндігі туралы қорытындыға келген жағдайларда жазбаша келісім жасалады.

12. Жазбаша келісім екі (үш) дана етіп жасалады және оған банктің, заңды тұлға болып табылатын банктің қосылма тұлғасының және ұйымның атынан бірінші басшы (оның орнындағы адам) немесе жеке тұлға болып табылатын банктің қосылма тұлғасы тікелей қол қояды.

Ж а з б а ш а е с к е р т у

13. Уәкілетті орган Заңның 46-бабында көзделген негіздемелер бойынша банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға қатысты жазбаша ескерту беруге құқылы.

14. Жазбаша ескерту уәкілетті органның банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға қатысты егер бар кемшіліктер уәкілетті орган белгілеген мерзімде жойылмаған жағдайда, Заңның 47-бабында көзделген санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы хабарламасы болып табылады.

15. Жазбаша ескерту банктің бірінші басшысына (немесе оның орнындағы адамға), банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға жіберіледі.

16. Банктің бірінші басшысы (немесе оның орнындағы адам) бес күн ішінде міндетті түрде атқару органының барлық мүшелеріне, банктің директорлар кеңесіне, банктің ірі қатысушыларына және банктік холдингтерге хабар беруі тиіс.

Ж а з б а ш а н ұ с қ а у

17. Уәкілетті орган Заңның 46-бабында көзделген негіздемелер бойынша

банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға орындауға міндетті жазбаша нұсқау беруге құқылы.

18. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы дегеніміз банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған түзету шараларын қолдану туралы банкке нұсқауы. Түзету шаралары жазбаша нұсқауда көрсетіледі және Заңның 45-бабында көрсетілген орындауға міндетті шараларды білдіреді.

19. Жазбаша нұсқау банктің бірінші басшысына (оның орнындағы адамға), банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға жіберіледі.

20. Банктің бірінші басшысы (немесе оның орнындағы адам) бес күн ішінде міндетті түрде атқару органының барлық мүшелеріне, банктің директорлар кеңесіне, банктің ірі қатысушыларына және банктік холдингтерге хабар беруі
т и і с .

Шектеулі ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі негізгі талаптар

21. Банк, банктің қосылма тұлғасы немесе ұйым уәкілетті органның өзіне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы хабарламасын алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қажет болған жағдайда басқа да құжаттарды қоса отырып бар кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган жоспар-кестені қарайды және өз қорытындысын банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға он күнтізбелік күн ішінде жібереді. Жоспар-кестемен келіспеген жағдайда уәкілетті орган банкке, банктің қосылма тұлғасына немесе ұйымға белгіленген мерзімде нақты іс-шараларды орындау қажеттілігі туралы нұсқау жіберуге құқылы.

22. Банк, банктің қосылма тұлғасы немесе ұйым міндеттеме хаттың, жазбаша келісімнің, жазбаша нұсқаудың немесе жазбаша ескертудің осы құжатта көрсетілген мерзімде орындалуы туралы хабар беруге міндетті.

Егер белгіленген орындалу мерзімі бір айдан асқан жағдайда, банк, банктің қосылма тұлғасы немесе ұйым ай сайын уәкілетті органға кезең-кезеңімен орындау туралы хабар беруге міндетті.

23. Банктің, банктің қосылма тұлғасының немесе ұйымның уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларын қолдануы туралы шешімінде көзделген шарттар мен іс-шараларды орындау мерзімінің басы олардың тиісті құжатты алған күні болып есептеледі.

4-тарау. Санкциялар

24. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша банктерге немесе олардың лауазымды тұлғаларына санкциялар қолданады.

Банктер мен ұйымдардың басшы қызметкерлері қызметтік міндеттерін

орындаудан тұрақты түрде немесе уақытша босатылуы мүмкін.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 268 қаулысымен .

25. Уәкілетті органның банктің немесе ұйымның басшы қызметкерінің атқаратын қызметінен босатуы туралы шешімді банк үш жұмыс күні ішінде о р ы н д а у ы т и і с .

Уәкілетті органның шешімін орындау туралы уәкілетті органға хабарлама ұсыну міндетті болып табылады.

5-тарау. Банктің қосылма тұлғаларына қатысты қолданылатын мәжбүр ету шаралары

26. Уәкілетті орган Заңның 47-1-бабында көзделген жағдайларда банктің ірі қатысушыларына және банктік холдингтерге мәжбүр ету шараларын қолдануға құқылы.

27. Банктің ірі қатысушысы немесе банктік холдинг уәкілетті органның оларға мәжбүр ету шараларын қолдану туралы шешім шығарғанынан кейін он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға оның шешімін орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесін қажет болғанда басқа да құжаттарды қоса бере отырып ұсынуы тиіс.

28. Уәкілетті орган жоспар-кестені қарайды және банктің ірі қатысушысына немесе банктік холдингке он күнтізбелік күн ішінде өз қорытындысын береді. Жоспар-кестемен келіспеген жағдайда уәкілетті орган банктің ірі қатысушысына немесе банктік холдингке белгіленген мерзімде нақты іс-шараларды орындау туралы нұсқау жіберуге құқылы.

29. Банктің ірі қатысушысы немесе банктік холдинг осы құжатта көрсетілген мерзімде уәкілетті орган шешімінің орындалуы туралы уәкілетті органға хабар беруге міндетті.

Егер белгіленген орындалу мерзімі бір айдан асқан жағдайда, банктің ірі қатысушысы немесе банктік холдинг ай сайын уәкілетті органға кезең-кезеңімен орындау туралы хабар беруге міндетті.

30. Банктің ірі қатысушысының немесе банктік холдингтің уәкілетті органның шешімінде көзделген шарттар мен іс-шараларды орындау мерзімінің басы олардың тиісті құжатты алған күн болып есептеледі.

6-тарау. Қорытынды ереже

31. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК